

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2019 жылғы 18 қаңтардағы № 14 шешімінің 3-тармағына өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2025 жылғы 15 мамырдағы № 30 шешімі.

2017 жылғы 26 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік тауарларға қатысты өзіндік ерекшелікті субсидияларды Еуразиялық экономикалық комиссиямен ерікті келісу және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзіндік ерекшелікті субсидияларды беруіне байланысты талқылауларды Еуразиялық экономикалық комиссияның жүргізу тәртібі туралы келісімнің 11-бабының 2-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі **шешті:**

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Өзіндік ерекшелікті субсидиялар берудің жекелеген критерийлерін қолдану шарттарының тізбесі туралы" 2019 жылғы 18 қаңтардағы № 14 шешімінің 3-тармағында "2025 жылғы 21 мамырға дейін" деген сөздер "2028 жылғы 21 мамырға дейін" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң, бірақ 2025 жылғы 22 мамырдан ерте емес күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

Армения Республикасынан	Беларусь Республикасынан	Қазақстан Республикасынан	Қырғыз Республикасынан	Ресей Федерациясынан
М. Григорян	В. Караник	С. Жұманғарин	Д. Амангельдиев	А. Оверчук